

деген сенім – жазушы шығармашылығының орталық тақырыбы. Соларды оқи отырып, оқырмандарын уақыт туралы, өзі туралы ойлантады.

Жазушы шығармашылығында иронияның әмбебап қызметін ұтырлы пайдаланады. Ирония суреттеудің, бейнелеудің, сондай-ақ пайымдаудың астарында әдемі үйлесім тауып, философиялық, психологиялық, әлеуметтік талдаулар тұсында оңтайлы қызметке жұмсалып отырады. Көбінесе авторлық баяндаудағы жазушы интенциясынан көрінетін ирониялық бағалау көркем мәтіннің концептуальдық өзегімен орайласып, автордың талдаушылық, бағалаушылық шеберлігінің өтімді бір амалы

ретінде танылады. Және бұл жағдай оқырман ойымен де жарасым тауып, әсерлі қабылданады әрі сыни зерделеу нысанына бағыт береді. Бұл орайда, алуан түр-реңктерде келетін күлкі өрнектері – жазушы стиліндегі бірегей құбылыстардың бірі.

1. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 2-том. Алматы. Жазушы, 1989. 408 б.

2. Мүсірепов Ф. Күнделік. Алматы. Ана тілі, 1997.

3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Алматы. Жазушы, 1986.

4. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1981.

5. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы. Жазушы, 1984.

6. Хализев В.Е. Теория литературы. М., Высшая школа, 2000.

Т. Сейдімханова

АҚҚУ, ТҮЛПАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ С.СЕЙФУЛЛИН ОЙ-ШКІРЛЕРІ

Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» еңбегінде, жаңа келген аласапыран заманның ұйытқы тұлғасы бола тұра, сол дәстүрдің төл перзенті болып, сол кезеңнің мүдесі үшін қайыспас күрескер боп жүргеннің өзінде халықтың наным – сенімдері, әдет – ғұрыптары, салт – дәстүрлері ерекше таным – түсініктері жайлы бір сыдырғы мағұлмат бере білген. Әнші, пері деген ұғымдарға, олардың адам баласына зиянды, зиянсыз болып екі топқа жататындығына, ақындық, әншілік, байлық, бақ пен тақтың, дарын мен таланттың киелі иелері болатындығын айта келе, Сәкен халықтың, қосымша кәсібінің бір саласы – аңшылық, аушылық, саятшылық екендігін, соған орай тау құсы қырандары жайлы толып жатқан әдемі өлең – жырлардың барына тоқталған. Сәкен қазақ халқының құс иесіне құрметтің ерекше екенін дәл айтқан.

Ақан серінің «Көк жендеті» жайлы әңгіме саралай келе, қазақ халқының аққу құсын барынша қасиетті санайтынына тоқталады: «Қазақ атаулы елдің көркем әдебиетінде аққу құс – сұлу суретті сөздермен, сұлу қиялды ертектермен әңгімеленеді.» Мысалы: «Едіге батырдың» ертегі әңгімесінде, оның әкесі белгілі Баба түкті шашты Әзиз әулие еді, - дейді. Анасы – Аққу құстың кебінін киген, аққудың суретіне кіріп, даладағы тұнық тұңғиықты, күміс сұлу көлге ұшып келіп шомылып жүретін

перінің сұлу қызы еді», - деген аңыздан үзінді келтіреді. [1.218]

Баба түкті шашты Әзиздің сүйгеннің аққу екендігі жайлы аңыз – әңгімені жазушы осылай тілге тиек етіп, оқырманға ой салар сындарлы сыр жайлы осылай тарқатады. «Бұл әңгімеге сену – сенбесі әркімнің ой – парасатының қарымы, сезім қиялының қатпары, таным – түсінігінің деңгейі білер, мәселе осындай аңызды қаз – қалпында, бұзбай, халық мұрасына балап, кейінгі ұрпаққа жеткізуі – жазушы қарым – қабілетін танытса керек», - деп өз ойын тұжырымдайды.

С.Сейфуллин шешендік сөздердегі аққуды қасиетті ұғым – түсінікке балап тілге тиек етеді. Едіге бидің, Асан бидің сөз саптаулары мысалға келтірген. Сол билердің шешендік сөздері қазақ халқы үшін арқылы аққудың қадыр – қасиетінің зор екендігін ашып көрсеткен: «Жәңгір хан өзінің бір зор қайғысынан басын көтермей жатып алған екен дейді. Талай шешендер, билер келіп, көңіл айтып, «басыңызды көтер!» дегендеріне Жәңгір хан басын көтермеген екен. Сонда шешендігімен жаңадан билер қатарына қосылған, Арғын Сүйіндік Едіге би келіп:

Аққу құс ұшып көлге кетті.

Ақ сұңқар ұшып шөлге кетті...

Ақ сұңқар ұшты ұядан,

Қол жетпейтін қиядан...

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.

Көтер, хан, басыңды!-

деген екен. Сонда Едіге би басын көтеріпті.[2. 220]

С. Сейфуллин өз зерттеулерінің бірінде тектілікті пір тұтқан заманда, қасиетті аққуды құс жаманы құладыңға ілдіріп, аққуды қорлап, соған мәз боп, ат шаптырып той жасаған Әз Жәнібек ханға әлгі келеңсіз қылығына өкінген Асан қайғы бидің жыр үлгісіндегі шешендік сөзін былай талдайды: «Әз Жәнібек хан аққу жүрген көлге шекер төктіріп, аққуды шекерге бөктіріп, мас қылып, аққуды құладыңға ілдіріпті дейтін. Сөйтіп, құс жаманы – құладыңға аққу ілдіргеніне мақтанып, мәз болып, той қылып жұртын шақырыпты дейді. Тойына шақырған Асан қайғы би келмей қалыпты дейді. Сонсоң Әз Жәнібек хан, Асан қайғы биді қайта – қайта шақыртып алдырып, жұрттың алдында Асан бидің шақырған тойына келмей қалған себебін сұрапты, - дейді. Сондағы Асан бидің жауабы мынау екен:

«...Көлге шекер төктірдін,
Шекерге аққу бөктірдін,
Ақ мамығын таранған,
Тұңғыққа қараған,
Аққу – көлдің көркі еді.
Көркімен көлді сәндеген,
Сұлу үнмен әндеген,
Ақ сұлу көлдегі ерке еді.
Құладың – құстың қоры еді.
Аққу құс – ару төре еді,
Құладыңға ілдірдін...
Ақ мамығын жұлдырдың[1.219]

Сәкеннің пікірінше күміс сұлу жайық көлде тұңғыққа ақ төсін төсеп маңқиып жүзіп, сұлу үнмен, нәзік күймен сыңқылдаған ақ сәулетті аққуды тұйғын құсқа ілгізу қазақ атаулы елдің билер санасы білген ескілігінде, көңілде қайғы қалдырмайтын қызықты тұрмыс саналған.

Зерттеуші халық ұғым-түсінігінде аққуды «қиналған жан үшін кейінбейтін, жанның қиналғаны үшін кейінуді ар көретіндігін» тап босып таныған.

Дәулет құсы, бақ құсы, қыдыр деген қасиеттердің құс болып қанатынан, бақ қонған, дарпи дарыған иесін өлер алдында тастап ұшып кететінін айтады. Әсетке айтатын Кемпірбайдың «кеудемнен көк ала үйрек қош деп ұшты. Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем», - деген жыр үзіндісінен мысал келтірді. Зерттеушінің бақ дәулет адам баласының асына құс болып қонады, құс болып ұшып кетеді деген нанымға қатысты келтірілген мысалы да қисынды: «Бұрынғы замандарда, хан сайлағанда, «бақ құсы», «дәулет құсы» деген ақ құсты ұшырады екен... сол ақ құс кімнің басына қонса, соны ақ киізге

отырғызып хан көтереді екен... деген ертеке бар. Адамның басына қонған ақ құсты – «бақ құсы», «дәулет құсы» екен деген ертекеке жұрт нанатын.

Сонсоң, «қыдыр» деген, «ие» деген қалаған пендесіне құс болып жорғалап келеді деп нанатын.

Мысалы: «...Асың-асың асына,
Берекет берсін басыңа.
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап
«Қыдыр» келсін қасына...» - ,

деген ескі ауыз әдебиетте белгілі жыр бар.» [3.216] «Дәулет «орнаған» үйден басына бақ қонған адамнан «дәулет құсы ұшты, бағы ұшты, бағы тайды» деген сөздер сол нанымнан келген сөздер» - деген түйін жасады.

Жоғарыда талдағандарымыздай, С. Сейфуллин халықтың құс иесіне деген аса ілтипаттың, кейбір құсты қатысты жағымсыз ұғым – түсініктің қалай көрінуін түсіндіруде, өз ойларының түйіндеулерін үнемі халық ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған материалдарды тілге тиек етіп, мысал келтіріп отырғанына куә боламыз.

Қазақ халқының төрт түлік мал ішіндегі аса қадір тұтатын – жылқы екендігі белгілі. Сол жылқының ішінде, әрине, халық мұраты – оның жүйрігі, сәйгүлігі, яғни тұлпары. Жаугершілікте, азаматқа қанат болған, қашса құтылатын, құса жететін сәйгүлік ат адамнан кем бағаланбайды.

Мал баққан көшпеліге жүйрік, сәйгүлік аттың қадірі, қасиеті айрықша, төтенше болғандықтан, сәйгүлік атты, тіпті, адамнан да артық көрген, адамнан артық еркелеткен. Бұл туралы қазақ болған елдің әдебиетінде, неше түрлі өз әлінше сұлу, көркем әңгімелер, өз әлінше қызықты өлеңдер бар. Ноғайлы дәуірінде үстем таптың дүрілдеп тұрған кезінде жыр қылған батырлар жырларында, батырлар әңгімелерінде, қазақ атанған елдің сол үстем тап санасымен құрылған ескіліктен қалған барлық жырлы әңгімелерінде, азамат ердің ерлігімен қатар сәйгүлік аттың, тұлпардың суреті, қасиеті тым шебер көркем сөздермен суреттелген болады.

Сәкеннің танымында, солардың ішінде ақ, боз түстілері қадірлі болып келеді.

«Мал өсірген жаугершілік тұрмыстағы шабысқан көшпеліге ең алдымен жылқының жүйрігі қадірлі. Оның ішінде дөнен жүйрік қадірлі. Бірақ екі бірдей жүйріктен жаугершілік тұрмыстағы ел ақ, бозын, қылаңын артық көрген... Қылаңды, бозды кәдірлеген...

Кемпірбай ақын ауырып жатқанда, Есет пен Кемпірбайдың көңілін сұрай келгенде, Кемпірбай басын көтеріп мұңын өлеңмен айтқанда:

«...боз шапса, боз озбай ма буырылыдан

Мен шапсам,- жер шарасыкуырылған...»- [4. 269]

деп өзінің асқан ақындығын боз аттың шабысына теңеп, осындай қасиетті жырым қалады-ау енді деп, мұнын айтқан...»,- дейді С. Сейфуллин.

Зерттеуші: «Көшпелі ел, - бес түлік малдың кейбіреулерінің кейбір қасиеттерін, кейбір түстерін, кейбір мінездерін тіпті айрықша артық көреді. Мысалы, Қылаң боз жылқыны өзге түсті жылқыдан артық көру қазақтан басқа елдерде де бар мінез. Бірақ, «иелі», «киелі», «құтты, нысаналы» түсті жылқылардан басқа, қылаң, боз жылқыны өзге түсті жылқыдан көрі артық қасиеттеу түрік – монғол руларында ескіліктен бері қарай өзге елдерден де көрі бетерірек, өзге елдерден көрі төтеншелеу болған.» - деген ой атады. [1.200]

Бұл түйіндеуіне дәлелі де дайын: «Шыңғыстың ұлы жиылысында қалың топтың ортасына шығып, ру бастықтарға, батырларға сөз сөйлеп, Шыңғысқа «шың-күс» деген атты «көк тәңірі лайық көреді» деп «Шыңғыс хан» деген атты берген «тәңірінің бұты» атанған Көкше бақсы «әр түні көкке» боз ат мініп ұшып, «тәңірімен тілдесіп келемін» дейді екен. Шыңғыс хан Қытайға ұлы аттанысқа жүргенде, бір қырдың басына шатыр тігіп, батырларын, ру бастықтарын жиып көк тәңіріне құлшылық қылып, құрбандыққа боз жылқы шалған екен. Одан беріде қазақ атанған түрік-монғол рулары бөлек қазақ хандығы құрып дәуір сүрген кездерде, қалмақ қазақты талқан қылып шауып, қазақ босатын белгілі «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» атанған басқыншылықтан кейін, қазақ есін жиып, бауырын көтерген еркек кіндік қалмай, тік қотеріле «қыл құйрық!» деп ұран салып қалмаққа аттанғанда, барлық қазақ болып аттанысқа Абылқайыр ханды бастық қылып бақталасқанда, құрбандыққа боз бие шалған.» [1.200]

Ел ұғым - түсінігіндегі «жай тасы», «күн жайлату», «жауын жаудыру» - деген түсініктердің ақ, қылаң түстес жылқыға қатыстылығын («Ақ, қылаң жылқы жай тартады»), ақ биенің сүті, ақ байталдың еті ауруға шипа болатындығын айта келе, зерттеуші «ат-жақты – бозы, ит – жақсысы - тазы» деген мақалдың тууының түп-төркіні ақ, боз жылқылардың әлгіндей қасиеттерінен екендігін білдіреді. Қосай батырдың Салпаң қылаң Сары аты жайлы келтірген жыр үзіндісі де қисынды берілген:

Зерттеушінің қазақ халқының астындағы атымен айтысуы, әңгімелесуі, сырласуы – ауыз әдебиеті үлгілерінде млынан ұшырасатындығын келтірген дәлелдерінен біреу мысал:

«Мал баққан көшпелі қазақ болған елдің ауыз әдебиетінде әр түлік малдың және әртүрлі хайуан – аңдардың бәрімен –ақ сөйлесу бар... өйтсе де, жүйрік ат туралы жыр айрықша болады. Жүйрік ат жайындағы сұлу әңгімелермен, қызықты жырлармен бірге, аттың күйі, айғырдың күйі деп те шығарған, мал баққан елдің көркем күйлеріде бар. «Боз айғыр күйі» деген күй, ескіліктен қалған күйлердің арқа қазығындағы бір көркемі.

Сәйгүлікті суреттеп, еркелетіп толғанып жырлаған сәйгүліктің шабысын, қасиеттерін суреттеп жырлаған» - дей келе, [1.256]

«Тарғын батырдың жапанда жалғыз қысылғанда боз тарлан атына айтқанынан» үзінді келтіреді:

Айналайын тарланым,
Билер мінген бедеудей!
Безендей басқан аяғың!
Сен тұрғанда бар ма еді,
Көңілімде қайңы, арманым! [1.2254]

Сәкеннің халық ауыз әдебиеті батырдың астындағы атына қарай, арнайы сөйлеуі батырлық жырларда молынан кездесетініне мысал ретінде, оның ойын дәйектей түсу үшін Алпамыстың Байшұбарына арнауынан үзінді келтіруге болады:

«Мойныңда такқан алтын тұмарын,
Мінген елдің тарқататын құмарын,
Егескенде жауға иенді қор қылма,
Гауһар көзді, айналайын шұбарым! [1.34]

Мұндай қаратпа сөзді арнау барысы иесі мен атының бір-бірімен өзара тілдесуіне ұласып кететін тұстары баарлық батырлар жырларында бар.

Бұл мысалдардан біздің ой – түйініміз: халық ауыз әдебиетінің үлгілеріндегі батырдың астындағы атына тіл қатуы, астындағы атының жауап қайтаруы, осылай бір бірімен айтысуы – бұл тұрмыс – салт жырларындағы мысал айтыстардан ауысқандығын көрсете, негізгі ой түйініміз: халық жадында батыр мен аттың арасындағы тығыз байланыс бар. Олар жандары қысылған сітте бір- бірлерімен тілдеседі, сөйлеседі – деген ой ұғымның болуы, бұл ұғым – түсініктің халық зердесінде әбден орнығып, наным – сенім деңгейіне дейін жетеді. Бұл наным – сенім – Сәкен қаперінен тыс қалмай, өзінің зерттеуінде айрықша қарастырылған.

1. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6 томдық., VI том, Алматы, 2010. - 456 бет

2. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 6 томдық., V том, Алматы, 2010. – 482 бет

3. Халық ауыз әдебиеті. Алматы, 2009, - 563 бет

4. Бес ғасыр жырлайды. 2 том. Алматы, 1999. – 651 бет.

5. Батырлар жыры. II том., Алматы., 1986, - 534бет.

В статье рассматривается исследование С. Сейфуллиной о лебеде и коня, как тотемический образ казахского фольклора.